



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ – РЕФОРМАЛАРДЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссары Фолькер Тюркпен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Фолькер Тюркке ілтат білдіре отырып, оның бұл сапары Қазақстан мен БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссарының басқармасы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін маңызды екенін атап өтті. Мемлекет басшысы еліміздің адам құқықтарын қорғау мәселесі бойынша тығыз қарым-қатынас орнатуға және ақпарат алмасуға дайын екенін мәлімдеді.

Президенттің айтуынша, Қазақстан БҰҰ-ның негізгі конвенциялары мен хаттамаларының бәрін ратификациялады және ұлттық деңгейде адам құқықтары саласында өзара белсенді іс-әрекет механизмдері жасалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Фолькер Тюркке елімізде жүргізіліп жатқан реформалар жөнінде де айтты. Мемлекет басшысы «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын жүзеге асыру аясында қолға алынған қоғамдық-саяси жаңғыру бастамасын былтырғы жалпыұлттық референдум мен Президент сайлауы кезінде Қазақстан халқы қолдағанын жеткізді.

Өз кезегінде Фолькер Тюрк қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты және осы жылдарда адам құқықтары мәселесі бойынша ұйымның Қазақстан билігімен арадағы қалыптасқан қарым-қатынасына оң баға берді.

Сондай-ақ Жоғарғы комиссар Президенттің бастамасымен еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде жүргізіліп жатқан өзгерістердің уақытылы қолға алынғанын атап өтті.

– Мен соңғы жылдары сіздің еліңізде болып жатқан оқиғаларды бақыладым. Біз үшін азаматтардың құқықтарын қорғау мәселесі реформалардың ажырамас бөлігі болғаны өте маңызды. Өйткені елдің болашағы осыған байланысты. Әрбір елдің келешегі Біріккен Ұлттар Ұйымы мен бүкіл әлем сүйенетін іргелі қағидаттарға негізделуге тиіс деп ойлаймыз. Был Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының қабылданғанына 75 жыл толады. Біз бұл атаулы датаны әлемде қалыптасқан қайшылықтарды еңсеру мүмкіндігі ретінде қарастырымыз келеді, – деді Фолькер Тюрк



ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫ – ЕҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі өңірлік ұшжақты комиссия отырысы өтті. Комиссия отырысында өңірдегі бірқатар кәсіпорындағы жұмысшылардың еңбек жағдайы туралы мәселе талқыланды.

Кез келген мекемеде жұмыс ырғағы қалыпты, еңбек өнімді болуы үшін ұжым мүшелеріне лайықты жағдай жасалуы керек. Жеткілікті әрі уақытылы жалақы төлеу, әлеуметтік көтермелеу шараларын тұрақты жүзеге асыру өте маңызды.

Жиында «Торғай Петролеум» АҚ, «АГМ-Табыс» ЖШС, «Қамқор Вагон» ЖШС секілді бірқатар кәсіпорын мен ұйым басшылары қазіргі жағдайларын баяндады.

Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы кәсіпорын, мекеме, жауапты сала басшыларына бірінші кезекте жұмысшылардың әлеуметтік жағдайына баса көңіл бөлу керектігін ескертті.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев еңбек адамын құрметтеу, өз ісін сапалы атқаратын адамдарды үнемі көтермелеу туралы айтты. Кез



келген мекеменің тірегі – оның қызметкерлері. Сондықтан ұжым мүшелерінің еңбек жағдайын жақсартуға барлық мүмкіндік көздерін қарастыру керек, – деді аймақ басшысы.

Мәжілісте облыс әкімі көтерілген мәселелерге жеке-жеке тоқталып, жауапты тұлғаларға тиісті тапсырмалар берді.

НАУРЫЗДЫҢ БІР НЫШАНЫ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Кеше Ұлыстың ұлы күні қарсаңында облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітіндегі «Наурыз шапағаты» қайырымдылық акциясына қатысты. Қайырымдылық акциясы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен ұйымдастырылған.

Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

– Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында ең алдымен халықтың әлауқатын арттыруға, азаматтардың тұрмысын жақсартуға баса назар аударып келеді. Соның бірі – мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік төлемдердің сақталу кепілдігі. Былтыр облыста 100 мыңнан астам халықтың әлеуметтік осал топтарына 7,2 млрд теңгеге әлеуметтік көмек көрсетілді. Үкіметтік емес

ұйымдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде облыстық бюджеттен бөлінген 170,3 млн теңгеге 7 әлеуметтік жобаны іске асырды.

Сыр елінде жабырқағанның жанынан табылу, несібесі кем түскенге қол ұшын беру сынды адамгершілік қағидаттың қазығы нық қағылған. Сыр өңірінің жомарт азаматтары әлеуметтік нысандар салуға да зор үлес қосуда. Күні кеше дәулеті мен сәулеті келіскен облыстың



бас шаһарындағы әуежайдың жаңа терминалының іргетасы қалануына куә болдық. Жаңа терминал құрылысы жерлесіміз Болат Өтемұратов қорының қаржысы есебінен жүзеге асырылуда. Нысанның құны 31 млн АҚШ долларын құрайды. Құрылыс жұмыстары 2024 жылы толық аяқталып, ел игілігіне беріледі, – деді Н.Сақтағанов.

Облыс әкімінің орынбасары туған жерін өркендетуге аянбай атсалысқан жанашыр азаматтардың қосқан үлесін атап өтіп, демеушілерге алғыс білдірді. Қайырымдылық керуені барлық ауданда жалғасын табатынын жеткізді.

Тағылымды шарада облыстың бас имамы Болатбек Әбуов сөз сөйлеп, жерлестерін Ұлыстың ұлы күнімен, Наурыз мерекесінің ізінше басталатын қасиетті Рамазан айымен құттықтады. Қайырымдылық жасаудың қайыры мен құндылығы туралы айтты.

Ауқымды акция барысында 30 «Газель» автокөлігінен құралған қайырымдылық керуеніндегі 1000 азық-түлік жинағы аз қамтылған отбасыларға таратылмақ. Жалпы «Наурыз шапағаты» акциясында 2 мыңнан астам отбасына азық-түлік көмегі көрсетілді.

ҚАРЖЫҢ БОЛСА, ҚАЖЫСЫҢ Ұмра неге кәсіпке айналып кетті?



Ашық ақпарат қолжетпейді

«Қажыға барған қазақтар» атты кітаптың мұқабасынан «Барлық жол Меккеге апарды» деген халық мәтелін оқып қалдым.

Иә, мұсылманның бесінші парызы – қажылық. Бұған қазір өркім өз білгенінше сапарлатып, өзіне ыңғайлы жолмен барып-келіп жатыр. Сапардың салмағын саралап, қажылықтың құндылығына мән беріп жатқандар сиреген секілді.

Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Бұлай ой түюімізге әлеуметтік желілердегі түрлі жазбалар себеп. Бүрсігүні түнгі клубта тайрандап жүрген әнші не танымал артист келесі күндері ұшақпен зу етіп барып, қажылықтағы «историясын» желіге жүктейді. Көкпе, көпке топырақ шашудан аулақпыз. Шын ниетпеніп барып келгендердің

«қажы» дейтін қадірлі атын осы секілді жеңіл ойлайтындар түсіріп жатқан жоқ па деген сауал еріксіз туындайды.

Марқұм, адуынды ақын Абдула Сапардың: «Қазіргі күні «Қартын кім, қазмырын кім, қазынан кім, ардагерін кім, ақсақалын кім, абызын кім?» дейтін сауалдың жауабы жоқ заман болып тұр ғой. Біреуге осы үлкен ғой деп барсан, сөзден кейін сөзде таққаның бәрі молда емес, «жүйріктің» бәрі жорға емес болып шығады. Жалпы, біздің буын ақпараттық урнаны айналып жүрген рухани бомбдар сияқты» деген сөзі осындайда еріксіз ойға оралады.

Айтқаны айдай! Бүгінде «қажылыққа апарамын» дейтін ақпарат желіде өріп жүр. Ел қайсысына сенеріне білмейді. Сондықтан біз Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасының қажылық бөлімі мамандарымен байланысып, нақты ақпарат алдық.

ПІКІР-ПАЙЫМ

Ескерткіш қою дәстүрі ерте заманнан-ақ бар. Бұл дәстүр XIX ғасырда Еуропа мен Америкада өрістеп, XX ғасырда ұлт-азаттық қозғалысының тұлғаларына, ақын-жазушыларға, өнер адамдарына ескерткіш қою үрдісі болды. Қазақстанда ескерткіш қою өткен ғасырдың қырқыңшы жылдарынан басталған. Кейін әсіресе, Ұлы Отан соғысына қатысты ескерткіштер орнату ісі етек алды.

ТҰҒЫРДА ТАЛАССЫЗДАР ТҰРҒАНЫ ИГІ

Ортақ типологиялық белгілері бойынша ескерткіштерді негізгі 4 түрге бөледі: археологиялық, тарихи, сәулет өнері, монументтік, яғни, мүсін өнері ескерткіштері. Бұлар арқылы ұлы тұлғаларды, белгілі қайраткерлерді немесе елеулі тарихи оқиғаларды есте қалдыру көзделді.

Қазақстан қалаларында халқының ынтымақ-бірлігін ойлаған үш биге, ұлт ұстазы Абайға, елін, жерін қорғаған батырларға, еңбек ерлеріне, өнер қайраткерлеріне қойылған тамаша ескерткіштер бар. Олардың кескін-келбеті өткен тарихымызды еске түсіріп, ұрпаққа рух беретін мән-мазмұн иеленген.

АЛЫПТАР АЛАМАНЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Зілтеміршілер 10-16 наурыз аралығында Сыр топырағында бас қосты. Ауыр атлетикадан ел чемпионы «Евразия» спорт кешенінде өтті. Байрақты бәсекеде 16 команда, 190 спортшы жеке-жеке командалық сайыстар бойынша бақ сынады.

Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Ауыр атлетика аламанна Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен 13 облыстың спортшылары қатысты. Сайыста ерлер мен әйелдер 10 салмақ дәрежесі бойынша мықтыны анықтады. Олардың арасында жаңа есімдермен қатар құрлықтық бәсекелерде топ жарып жүрген танымал спортшылар да бар. Сондай-ақ, бұл бәсеке алдағы Азия чемпионатына іріктеу турнирі болды. Алайда қатысушылар саны өткен жылдарға қарағанда айтарлықтай аз.



ҚАБЫЛДАУ

ӘРБІР МӘСЕЛЕ ЗАҢ ШЕҢБЕРІНДЕ ШЕШІЛЕДІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды қабылдады. Жеке қабылдауға 9 адам келді деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Қабылдауға келген тұрғындардың басым бөлігі тұрғын үй алу және жұмысқа орналасу жөнінде көмек сұрады. Мұнан бөлек, жер телімін алу, ерекше білім беруді қажет ететін баланы арнайы балабақшаға орналастыру, қаржылай көмек көрсету мәселелері көтерілді.

Облыс әкімі алдағы уақытта қабылдауға келген азаматтардың мәселелері зерттеліп, шешімі заң талаптарына сәйкес қарастырылатынын жеткізді. Кейбір жағдаяттар бойынша жауапты тұлғалар заң аясында түсіндірме беріп, тиісті шешу жолдарын ұсынды.

Мәселен, 43 жастағы қала тұрғыны сол жағалау аумағынан мектеп салып беруді сұрады. Оған аталған ауданда 900 орындық мектеп құрылысы ағымдағы жылы басталып, 2024 жылы пайдалануға берілетіні және 2024 жылы жобалық қуаты 1500 орындық мектеп құрылысы басталып, 2025 жылы іске қосылатыны айтылды.

Еске салсақ, Қызылорда облысында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы 3 жылда 15 100 орынға арналған,

құны 100 млрд теңгеден асатын 21 мектептің құрылысы жүргізіледі. Оның ішінде, биыл 10 мектептің құрылысы басталады. Мұнан бөлек, Қызылорда қаласында дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатының құрылысын салу жобасы Үкіметте қолдау тапты. Білімді қолдау қоры қаражаты есебінен қаржыландырылатын мектептер құрылысы тізіміне 1775 орынға арналған 4 мектеп құрылысын аяқтау енгізілді. Олар — №101 Ә.Мүсілімов және №2 Абай атындағы білім беру ұйымдарына қосымша құрылыстар, Жезқазған трассасы бойындағы 600 орындық және Шиелі ауданы Байсын ауылындағы 250 орындық мектеп.

Осы уақытқа дейін облыс әкімі 28 жеке қабылдау өткізіп, 600-ден астам тұрғынның өзекті мәселесіне ден қойды.

Айта кетейік, тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына egov.порталы, e-otinish бірінші базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Өңірлерді байланыстыратын күре жолдың да, ауыл-ауылға қатынайтын қара жолдың да жайлы болғаны жақсы. Қаладағы шешімін күткен күрделі мәселелердің бірі автокөлік және аяқжолдың жайы болатын. Осыған орай, қала әкімі Асылбек Шәменов жол құрылысына жауапты мекеме басшыларымен кездесіп, жол құрылысы жүріп жатқан шағын аудандарды аралады.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

КӨШЕ КӨРКЕЙСЕ, КӨҢІЛ ЖАЙЛАНАДЫ

Алдымен Е.Көшербаев көшесіндегі жұмыстармен танысты. Ұзындығы 3,8 шақырым аяқжолды «Қызылорда жолдары» ЖШС жүргізуде. Бекітілген кесте бойынша ауқымды жұмыс маусым айында аяқталуы керек. Жол сапасын және мерзімінде бітуді бақылау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі бөліміне жүктелді.

— Биыл қала мен елді мекендерге республикалық, облыстық және қалалық бюджеттен 12 миллиард теңге қаражат бөлініп, 238 көшеге жөндеу жұмыстары басталды. Оның ішінде 99 көшеге асфальт жол, 139 көшеге тас жол, жаяу жүргіншілерге арналған 19 аяқжолға жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Қаланың шет аймақтары КБИ, «Шанхай», «Бәйтерек» шағын аудандарына мемлекеттік бағдарламалар аясында жол құрылыс жұмыстары бастау алды. Қазір қаладағы Бейбарыс сұлтан көшесі қайта жаңғыртудан өтуде. Сондай-ақ, қоспабатты тұрғын үйлердің ауласын жөндеуге арнайы жоба әзірленіп жатыр. Ол үшін облыстық бюджеттен 1 миллиард теңге қаражат бөлінді. Алдағы уақытта 21 тұрғын үй ауласын абаттандыру жұмыстары басталады. Жол инфрақұрылымы бойынша тиісті жұмыстар бекітілген мерзімде пайдалануға беріледі, — деді қала әкімі А.Шәменов.

Кейінгі жылдары қаланың шет аймақтарына басымдық беріліп келеді. Тозығы жеткен электр желілері ауыстырылып, жана жолдар мен тротуарлар салынды. Сондай-ақ, КБИ шағын ауданындағы 7 көшеге қиыршық тас пен асфальт төселуде. Жалпы ұзындығы 3 шақырым бұл жол мамыр айында толығымен жаңаралы. Қала әкімімен кездескен тұрғындар алғыс білдірді.

— Жауын-шашынды күндері тұрғындар лай-батпаққа батып, әбден зәур-сарсаңға түсетін. Жазда сапасы сын көтермейтін жолдан шығатын шаннан құлды бір тұманның арасында жүргендей күй кешуші едік. Енді мінекей, ол күннің барлығы арта калып, жана жол салу жұмыстары басталды. Тұрғындардың тілегін ескерген жергілікті атқарушы органдар мен тиісті мекеме басшыларына алғыс айтамыз, — деді қала тұрғыны Темірбек Серәлі.

«Бәйтерек» шағын ауданындағы 7 көшеде орташа жөндеу жұмыстары қолға алынды. Бүгінде мердігер мекеме алғашқы көшенің жөндеу жұмыстарын аяқтау кезеңінде тұр. «Қызылорда жолдары» ЖШС басшысы Алтынбек Шоманов жоспарға сәйкес жалпы ұзындығы 12 шақырымға жуық жеті көшені асфальттау мамыр айында аяқталатынын айтты. Ендігі кезекте қалған жұмыстар басталады. Қала әкімі мердігер мекеме басшылығына жұмыстардың бекітілген стандарттарға сәйкес тексеруден кейін қабылданатынын айтып, сапаны бірінші кезекке қоюды тапсырды.



ТҰҒЫРДА ТАЛАССЫЗДАР ТҰРҒАНЫ ИГІ

Айлада, кейінгі жылдары бой көтерген көптеген ескерткіштің көрген көзге суық тас бейненің ғана әсерін қалдыратын шалағай жұмыстар нәтижесінде өмірге келгенін жасыра алмаймыз. Мұндай ескерткіштердің көбі халық қазынасы бюджет есебінен салынатынын ескерсек, есіл ақшаның есік алдына төккен судай болып жатқанына жаның ашиды. Бұл — бір. Екіншіден, әркім өз руына, өз атасына тартып, әр жерге ескерткіш орнату ісі ортақ дертімізге айналып барады.

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дәл осы жөнінде анық, нақты тұжырым айтты. Үкімет басшысы, мемлекеттік органдар басшылары және облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдерінің қатысуымен өткізген кеңесте Президент халқымыздың ұлттық бірегейлігі мен бірлігін нығайтудың маңызды міндет екенін еске салды.

«Сонғы кезде бір аймаққа ғана белгілі адамдарға ескерткіш орнату сөнге айналды. Жергілікті ономастика комиссиялары бұған жол бермеуге тиіс. Орынсыз шешімдерге Республикалық комиссия тосқауыл қоюы керек. Әркім өз бабасына ескерткіш қоя берсе, елде рушылдық, жершілдік белең алады. Осыған назар аударыңыздар», — деді. Сонымен бірге кеңестің кезең қайраткерлеріне, жаппай құғын-сүргінге қатысуы бар адамдарға ескерткіш, бюст орнату ісі жайында: «Өмірде болмаған ерлік істерге толы өмірбаяндар ойдан құрастырылып жатыр. Олар туралы деректер архив құжаттарында нақтыланбаған немесе мүлде жоқ. Кейбір белсенді топтар азаматтарымызды кеңестік кезеңдегі партия және мемлекет қайраткерлерінің аңызға бергісіз өмірбаяндарына сенуге мәжбүрлеп жүр», — деп нақтылады.

Бұл — дер кезінде, жана қоғамдық реформалар өмірге еніп жатқан маңызды мезетте айтылған сөз.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жанында ескерткіштер мен монументтерді орнату жөніндегі мемлекеттік комиссия бар.

Ескерткіштер мен монументтерді орнату жөніндегі облыстық комиссияда қаралып, іріктелген эскиздер Мемлекеттік комиссияға ұсынылады.

Біздің облыс көлемінде комиссияның келісімінсіз қойылған жұмыстар бұрынғырақ некен-саяқ еді. Осы жағдайды болдырмау мақсатында оншақты жыл бұрын арнайы комиссия қажетсіз, сапасыз деп санаған мүсіндерді алдыртып, жөнге қойған болатын. Жалпы, біздің облыста жасалатын мүсіндік жұмыстар алдын ала комиссия мүшелерінің келісімімен, Мәдениет министрлігінің келісімімен талқыланып, рұқсатын алып барып конкур жариялайды.

Әрине, ескерткіш жасау оңай жұмыс емес. Ескерткіш бейнесінде әр денгейдегі адам үшін тарихи оқиғаның не тұлғаның образы оқылып тұруы шарт. Оның эстетикалық, яғни, қала көшесіне көрік қосып тұратын қызметі өз алдына, терен тәрбиелік мәніне баса назар аударылады. Осы мақсатқа жету жолында мүсінші мың ойланып, жүз толғанып ауыр жұмыс үдерісінен өтеді. Модельдік шығарманы жасау жолы өз алдына, оны комиссияның бекітуі бір бөлек мақат.

Конкурста жеңімпаз мүсіншіні кәсіпкерлерге ұқсатып тендер жариялайды. Бұл — енді басқа әңгіме тақырыбы.

Мен ескерткіштерге байланысты Президенттің ойын қолдаймын. Ескерткіштер соғуды ағайын намысын жыртуға пайдалану жағдайының қоғамда көрініс тауып отырғаны анық.

Дегенмен, халқымыздың қаһармандығын, ұлт зиялыларының өлмес ісін дәріптейтін, ұрпаққа үлгі ететін ескерткіштер талғам мен талапқа сай орнатылса дейміз. Мәселен, Алаштың анасы атанған Қызылордада Алаш көсемдеріне арналған және ел тәуелсіздігіне тәу ететін символикалық монумент қойылса, ол ұрпақты елін сүюге баурап, қаламызға да айбар беріп тұрар еді. Осыған орай осы бастан бұл монументтердің қойылатын орны, концепциясы айқындалып, конкурс жариялануы тиіс деп санаймын.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы айтқандай, ойдан құрастырылған өмірбаяндар тұғырда тұруға тиіс емес. Ақиқаттан айнымай, ар ісімен айналысайық.

Аманкелді КЕНЕНБАЕВ,
Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі,
Қазақстанның мәдениет қайраткері,
«Құрмет» орденінің иегері

1-бет

АЙТЫЛДЫ. ОРЫНДАЛДЫ!



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының басты қағидаты — азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеу, тұрғындармен тікелей қарым-қатынас жасап, олардың проблемаларын шұғыл шешу.

22 ақпан күні облыс әкімінің жеке қабылдауына келген азамат «Еңбек» саяжайына ауысу, табиғи газ және электр жарығын жүргізу мәселесін көтерген болатын. Нұрлыбек Машбекұлы қала әкіміне, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысына саяжай аумағындағы инфрақұрылым түйткілдерін мұқият зерттеп, 10 наурызға электр жарығын жүргізуді міндеттеді.

Қазіргі таңда жауапты мамандар «Еңбек» саяжайының жағдайымен танысып, қажетті инфрақұрылымдарды тартуда. Облыс әкімінің тапсырмасымен саяжайдың орталық 3 көшесіне 2,8 шақырым кабель мен 36 жарықшам бағанасы орнатылды. Аталған жұмыстар демеушілер қаржысы есебінен жүзеге асырылды.

Халық көтерген мәселелердің дер кезінде шешілуі сөз бен істің үйлесім тапқанын көрсетеді.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

«АЙМАННЫҢ» АЙРАН-СҮТІН-АЙ!

Қармақшының Дүр Оңғар ауылының жас кәсіпкері Дархан Айманов «Айман» шағын сүт цехын ашқан. Онда 5 түрлі сүт өнімін шығарады. Айран, ірімшік, кілегей, құрт, тіпті балмұздақ та бар. Жергілікті өнімге деген сұраныс та жоғары. Цех заманауи құрылғылармен жабдықталған. Мұнда тәулігіне 100 литр сүт өңдеуден өтеді. Мемлекеттің қолдауын тиімді пайдалана білген кәсіпкер болашақта өнім көлемін ұлғайтуды көздеп отыр.

Актілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

— Бұл кәсіпті бастауыма түрткі болған — өкем. 2018 жылы оқу бітірген соң, ауылда екі жылдай жұмыссыз жүрдім. Арада пандемия басталып кетті. Бос жатқандан пайда жоқ. Содан өкем ауданда мұндай кәсіпті ешкім қолға ала қоймағанын айтып, сүт цехын ашуды ұсынды. Бірінші жұмысты мал басын көбейтуден бастадым. Ол үшін «Микробизнес Қызылорда» бағдарламасы арқылы 3 млн теңге несие алдым. Қайта орайы келіп, оны уақытынан бұрын өтедім. Содан соң сүт цехын ашу үшін өңірлік инвестиция орталығынан тағы да 10 млн теңге несие алдым. Оған Ресейдің Екатеринбург қаласынан сыйымдылығы 500 литр сүт өңдейтін 2 құрылғы алдырып, іске қостым. Алда өнім көлемін

арттыратын тағы 1 құрылғы алуды жоспарлап отырмын, — дейді жас кәсіпкер.

Бүгінде Жосалы, Төретама кенті мен жақын жатқан ауылдарды сүт өнімімен қамтамасыз еткен цех жаз айларында 250-300 литрге дейін өнім өндіреді. Сол аралықта құймалы балмұздақтың да саудасы жүреді екен. Мұнда 1 литр айран 400 теңге, ал кілегей 650-700 теңгеден саудаланады. Шығын көлемі көбірек болғандықтан, өнім нарық бағасынан сәл де болса қымбатырақ. Өйткені өнім қорабы мен жапсырмасына 65 теңге кетеді екен.

Айтпақшы, цех шағын төрт бөлмеден тұрады. Сүт өңдейтін бөлме, ыдыс-аяқ жуатын орын, ағарғанды сақтайтын салқын

бөлме және демалыс орны бар. Санитарлық талап қатаң сақталған. Кәсіпкер осында бір адамды жұмыспен қамтып отыр.

— Сүт өндірудің пайдалы шаруа екендігін аңғарған соң уақытты сөзбай бытыр Қазалыдағы «РЗА» ЖШС-дан сүт бағытындағы 2 сиыр сатып алдым. Содан бері өнім көлемі артып, сапасы да жақсара бастады. Жергілікті сиыр күніне 5-6 литр сүт берсе, ал кейінгі асылтұқымды сиырдың әрқайсысынан 10 литрден көп сүт алуға болады. Бұған дейін өнімді қорамыздағы қарапайым 25 сиырдан алып келдім. Кейде шикізатты ауылдағы «Жанажол» серіктестігіне қарасты шаруашылықтан нарықтағы бағаммен сатып аламын. Сөйтіп үйдегі сиырлардың сүтін қосамын. Цехта жұмыс тап атысымен басталады. Жиналған сүтті өңдеп, өнімдімізді жасаймыз. Құрылғылар тоқты көп қажет ететіндіктен, қуат таусылмай тұрып, барынша тез бітіріп алуға тырысамыз. Себебі ауылда жұмыс қызғанда жарықтың күші төмендеп кетеді. Әуелгіде тілін түсінбей, біршама қиындық туындады. Сүттің дәмін ойдағыдай келтіре

алмаған да күндер болды. Ал қазір бәрі орнына келді, — деді ол.

Кәсіп иесінің айтуынша, оған отбасы көмек көрсетеді. Әкесі Төлеу малдың жағдайын жасаса, анасы Зада күнделікті сиырдың сауысады. Ал ағасы сүт өнімдерін дүкендерге жеткізіп жәрдемдеседі.

— Бұл кәсіпті ашуды бірнеше жыл жоспарладық. Сүт цехын ұлым атасының есімімен атауды жөн деп тапты. Ал енді өнімге келсек, сұраныс бар. Облысқа құрт жіберсек, аудан мен ауыл дүкендеріне айран, ірімшік, кілегей таратамыз. Кейде үйге дейін іздеп келетіндер бар. Балмұздақ көбіне ауыл ішінде саудаланады, — дейді кәсіпкердің анасы.

Иә, бұл сүт цехының өзге сүт зауыттарынан ерекшелігі — ешқандай қоспасыз, жүз пайыз табиғи сүт өнімдерін өндіреді. Кәсіпкердің мақсаты белгілі — кәсібін кеңейту. Дархан Төлеулы алда кәсіпке қолдау білдіретін бағдарламаларға қатысып, тағы құрылғылар алып, қаймақ, йогурт шығаруды жоспарлап отыр.

Қармақшы ауданы

Сол жағалаудағы Жастар ресурстық орталығында облыстық қоғамдық даму басқармасы тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен «ТедХ» форматта «Жастар және тіл» тақырыбында кездесу өтті. Іс-шараның мақсаты – мемлекеттік тіл саясатын дамыту, мәдениетін қалыптастыру және жастар арасында қазақ тілінің мәртебесін арттырып, тазалығын сақтауға шақыру.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

АШЫҚ АЛАНДАҒЫ ПІКІРТАЛАС



Кездесуге облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Камбаров қатысты.

— Бүгінде тіл мәселесі қоғамның өзекті түйткіліге айналғанын бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде айтылып, жазылып жүрген пікірлерден білуге болады. Әсіресе жастармен сөйлесу, түрлі қосымшалар арқылы хат-хабар алмасу кезінде қолданатын сөздерінің арасында тіл тазалығын сақтамайтынын байқап жүрміз. Осындай мәселелермен күресу үшін жастарға қандай бағыт-бағдар беруге болады? Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту үшін жастар қай бағытта қандай үлес қоса алады? Бүгінгі ашық пікір алаңында осы сұрақтарға жауап іздеп, бірқатар мәселелер қамтылады, — деді А.Камбаров.

Кездесуде облыстық Жастар ресурстық орталығы жанындағы «Ақиқат» пікір-сайыс клубының жетекшісі Айжан Орынбасар «Сахнадағы сөйлеу мәдениеті» тақырыбында ой қозғады.

Ал «Қоғамдық келісім» КММ-нің аға сарапшысы Елена Пак этнос өкілдері арасында мемлекеттік тілді үйрету мәселелері турасында кенінен тартты.

Облыстық тілдерді оқыту орталығының Қазалы ауданы бойынша

мемлекеттік тіл оқытушысы Жұбатқан Танжанов «Акцентпен сөйлеу әбестік емес» тақырыбында өз ойымен бөлісті. Ол өзге тілді меңгеріп, өз тілінде сөйлей алмай жүргендердің қатары артып бара жатқанына назар аудару керегін баса айтты. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» демекші қазақ тілінде таза сөйлеп, өзге тілде акцентпен сөйлеудің еш әбестігі жоғын дәлелді мысалдар арқылы нақтылады.

Мемлекеттік тіл туралы көкейтесті мәселелерді спикерлер ғана емес кездесуге келген сарапшылар да тартатын айтты. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы Аяғз Әбдіразақова тіл мәселесінің өткен ғасырдың 20-жылдары жарыққа шыққан басшыларда жиі көтерілгенін алға тартты. Бір ғасырға жуық уақыт өтсе де әлі өзектілігін жоймаған.

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы Әзиз Батырбеков аталған мәселеге қатысты пікірімен бөлісті. Мемлекеттік тіл саясатын жоғары деңгейде дамытуда әр азаматтың үні, қосар үлесі болуы тиіс.

Кездесуде белсенді қатысушылар басқарма басшысының Алғыс хатымен және арнайы сыйлықпен марапатталды.

БІЛІМ ОШАҒЫ БИЫЛ ОҚУШЫЛАР ҚАБЫЛДАЙДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған көшпелі брифинг аясында БАҚ өкілдері қалаға қарасты «Бәйтерек» шағын ауданында бой көтерген 600 орындық мектептің құрылысымен танысты.

Ғазиза ӘБІЛДА
«Сыр бойы»

Елді мекеннің орталығында, алыстан «менмұндалап» тұрған мектеп ғимаратының сырты ғана емес, ішкі көрінісі де көңілге қонымды. Кен, жылы әрі жарық сынып бөлмелері оқушылар үшін қолайлы екені даусыз. Қалалық білім бөлімінің басшысы Е.Бодановтың айтуынша, білім ошағы алдағы оқу жылында пайдалануға беріледі.

— Президент Жолдауында берілген тапсырмаға сәйкес өңірде 3 жылда 15100 орынға арналған 21 заманауи мектеп салынады деп жоспарланып отыр. Әрине, ол мектептердің материалдық-техникалық базасы жанаша оқу талаптарына сай жабдықталады. Одан бөлек, Жанакорған, Қазалы, Шилелі аудандарында құрылысы басталған мектеп пайдалануға беріледі. Негізгі мақсатымыз үш ауысымдық білім беруден арлыу. Егер биылғы оқу жылында осы мектепті пайдалануға берсек, көптің көкейіндегі өзекті мәселенің бірі шешімін табады деп ойлаймын. Өздеріңіз көріп тұрғандай, білім ошағының 40 сынып кабинетін ашуға мүмкіндігі бар, яғни, 2 ауысымда 1200 оқушыны қабылдауға дайын. Осыған сәйкес мектеп қолданысқа берілгенде 86 мұғалім, 61 кіші техникалық

қызметкер жұмыспен қамтылады. Алдағы қыркүйек айында ашылу салтанатын өткіземіз деп жоспарлап отырмыз, — деді қалалық білім бөлімінің басшысы.

Айта кетейік, аймақта өткен жылы білім беру ұйымдарының құрылысы қарқынды жүргізілді. 6 жаңа мектеп, 19 балабақша (2 мемлекеттік, 17 жеке), 1 Оқушылар үйі (Жалағаш ауданы) пайдалануға берілді. Бұған қоса, облыстық бюджеттен 2 млрд-дан астам қаржы қаралып, 6 мектепке күрделі жөндеу жүргізілді.

Иә, осындай әлеуметтік маңызы зор, іргелі құрылыстың бой көтеруіне бірінші кезекте облыс әкімінің қолдауы болса, облыстық білім басқармасы тарапынан құрылыстардың уақытылы әрі сапалы жүргізілуіне тиісті талаптар қойылған.

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Е.Төрәлиевтің айтуынша, бүгінде мектеп құрылысының 95 пайызы аяқталған. Қазіргі күні ғимараттың сыртқы жағын абаттандыру, жарықтандыру, сондай-ақ, құрал-жабдықтарды орналастыру жұмыстары жүріп жатыр. Жоспарға сәйкес жаңа мектептің құрылысы алдағы мамыр айында толық аяқталып, 2023-2024 оқу жылында қолданысқа беріледі.



ҚАРЖЫҢ БОЛСА, ҚАЖЫСЫҢ Ұмра неге кәсіпке айналып кетті?

Ең әуелі қажылықтың мәніне үніліп, бабаларымыз биік ұстаған, қадір тұтқан ұғым жайында ой өрбітсек. Негізінен, қажылық сөздікте «қасиетті жерге баруды ниет ету» дегенді білдіреді, Шариятта арнайы уақытта, яғни қасиетті рамазан айынан кейінгі айдан бастап зұлхиджа айының 10-12 күндеріне дейін арнайы мекенде, яғни Сауд Арабиясының Мекке қаласында болып, бекітілген ихрамға кіру, Қағбаны жеті айналып тау ету, Сафа мен Маруа арасында сағий жасау, Арафада тұру, Мұздалифада түнеу, шайтанға тас ату сияқты амалдарды орындау деп түсіну қажет. Имамдардың айтуынша, шариятта кемелетке толған, ақыл-есі дұрыс, денсаулығы жақсы, дәулеті жетерлік, өзгеге қарызы жоқ мұсылман ғана парызын өтей алады.

— Қажылық — өте сауапты құлшылық әрі үлкен сынақтарға толы сапар. Әуежайға түнделіп бару, ол жақтан ұшаққа отырып алты-жеті сағат ұшу, мұның барлығы сынақтардың бастамасы болып келеді. Үлкен қажылыққа тек Қазақстаннан ғана бармайды. Құлшылықты орындау үшін жер бетінде қанша мұсылман мемлекеті болса, бөлінген квота арқылы мыңдаған мұсылман барады. Мекке мен Мәдина қаласына әр елден миллиондаған қажы бір күнде келіп, белгілі күндері барлығы біріге отырып құлшылық жасайды. Бұл дегеніміз көлік кептелісі, тіпті адамдардың кептелісіне алып барады. Арафат тауында және Жамаратта, яғни шайтанға тас ату күндерінде миллиондаған қажының топтасып жүріп бір құлшылықты орындауы — өте үлкен күшті талап ететін сынақтарға толы сапар.

Ол жақтың ауа райының ыстықтығы да — жеке дара сынақ. Қорыта келгенде, әрбір құлшылықтың сынағы мен қиыншылығы болады. Бірақ осы қиыншылықтардың астарында Алла Тағаланың ризалығы мен осы сынақтарға төзе білген жандарға мольнаған сауап бар екенін естен шығармағанымыз жөн, — дейді имам Қуаныш Наржанов.

ҚАЗАҚТЫҢ ҒАЗИЗ ҚАЖЫЛАРЫ

Қазіргі жастар тарихты оқығанымен, одан сабақ алмайтын секілді. Сол үшін, өткендегі өнегелі істерге, өрелі тұлғаларға тоқталып өтуді жөн санадық.

Шұбар жолдың шалғайлығына қарамастан әркілі сынақтар мен қиыншылықтарды бастан кешіріп, жандарын шүберекке түйіп, айлап-жылдап жүріп, бір емес бірнеше қайта қасиетті жерді зиярат еткен ардақты қажылар қазаққа жеткілікті. Олардың ішінде қазақ аңыз етіп айтып кеткен жан — Құнанбай Өскенбайұлы. Ол заманында биі, балуан, аға сұлтан болған. Оның мұсылманшылдығы мен қажылыққа ниеті туралы Әрхам Кәкітайұлы: «Құнанбай ел басқару ісін балаларына қалдырып, өзі тағат, ораза, намазға бой ұрып, үйінде отырып қалады. 71 жасқа келгенде балаларын жинап алып: «Қағбатолла, Құдай үйіне — Меккеге барып, тәуап қып қайтайын деп едім» деп ақылдасалды. Оған балалары қарсы болмайды. Көп мал сатып, жеткілікті қаражат жинап береді» деп жазды.

Біз тарихтан білетіндей, 1879 жылы Меккеге барған Құнанбай парызын өтеумен қатар, қалаға қонақүй салдыртады. Қажылық сапарынан кейін, ел ісіне араласпай, қалған ғұмырын оқшау, тек Құдайға құлшылық етумен өткізген.

Құнанбай қажының немересі Шәкәрім Құдайбердіұлы да — қажылық сапарын өтеп, ғұмырын мұсылманшылдықпен өткізген қазақтың бірі.

Шәкәрім қажылық сапарға 1905 жылдың қараша айында аттанып, келер жылдың наурыз айында Семейге оралған. Парызын өтеуге бір жылдай 1-бет

уақыт кеткен. Ал қажымұқтантанушы Қалиәкпар Әміржанов болса: «Ыстамбұлда атакты түрік палуаны Нұрланы женген соң, Шәкір паша мен Имам Баюр Мұқанды құрметтеп қажылыққа шақырады. Сөйтіп үш аптаға созылған керуен Орталық Таврдан, Тигр өзенінің бойымен Бағдалқа, одан әрі Үлкен Нефуз шөлімен Меккеге жетеді. Меккеде құлшылық жасап, Мұқан құдықтан зәмзәм су ішеді, Арафат тауының етегінде үш күн шатырда түнейді. Қысқасы, ол қажылықтың шарттарын түгелімен орындайды. Содан бастап Мұқан деген есімі ұмытылып, Қажымұқан атанып кетеді» дейді.

САУАП ПЕН ЖАУАП

Дана бабалардың дара жолын қазіргі ұрпақ ұғынып жүр ме? Меккедегі суретін жарыса жариялап, қажылыққа апаратын турфирмаларды жарнамалап жүрген блогерлерден көз шаршап, құлақ ауырды. Мұсылмандық парызын орындау үшін сол жарнамаларға сеніп, жиған-тергенін турфирмаларға салып, сонында жер сипап қалған адамдар да аз емес. Сонда қажылыққа бару алдап-абрау мен бизнестің көзіне айналып кетті ме? Жалпы қазіргі қажылыққа апаратын компаниялардың жұмысы қай деңгейде?

Үлкен қажылыққа баруды тікелей Діни басқарма қадағалайды. Жыл сайын Сауд Арабиясы қажылық орындарын бөлгеннен кейін КМДБ ашық конкурсы жариялайды. Былтыр 20 туроператор қатысып, оның 14-і 2022 жылғы қажылықты ұйымдастыруға қабілетті деп танылған. Қалғанының тиісті құжаты жоқ болып шыққан. Діни басқарма өткізетін іріктеуде компанияның 5 жылдық тәжірибесі, Астана және Алматы қалаларында кеңсесі болуы қарастырылады. Сондай-ақ Діни басқармамен меморандумға отыру ныяқты талаптары бар. Осы талаптардан өткен компанияларға басқарма қажылық сапарын өткізуге ресми түрде рұқсат береді. Ал талаптарды орындамаған, келісімге сәйкес шешім қабылдамаған қажылық компаниялар квота ала алмайды. Діни басқарманың сараптау комитетінен өтпеген туристік компаниялардың іс-әрекетіне басқарма жауап бермейді. Ал биылғы үлкен қажылыққа іріктеуден 18 туроператор өтіпті. Олар 4 мың адамды апар алады.

— Қазақстандықтарды шетелге туроператорлар алып шыға алады. Қазір проблема үлкен қажылыққа апаратын операторларға емес, Ұмраға апаратын туроператорларға қатысты туындап отыр. Әуел бастан үлкен қажылыққа апару басқарманың қадағалауымен жүзеге асып келеді. Өйткені бұл — мұсылманның бес парызының бірі. Сауд Арабиясы осы қажылықты ұйымдастыру міндетін Діни басқармаға берген. Жыл сайын басқарма мен Қаржы министрлігі арасында келісім-шарт жасалады. Бірақ басқарма коммерциялық емес ұйым болғандықтан, қажылықты техникалық ұйымдастыруды туроператорларға тапсырады. Конкурс жариялап, іріктеуден өткен туроператорларға рұқсат береді.

Ал Ұмра қажылығына апаратын операторларға біз жауап бермейміз, — дейді Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасы қажылық бөлімінің басшысы Жәнділла Бекжігітов.

ҚҰЛШЫЛЫҚТЫҢ ҚАДІР-ҚАСИЕТІ КЕТТІ

Көзіміз жеткендей, Ұмраға апаратын туроператорлардың жұмысы елімізде ешқашан бақылаудан өтпеген. Оны кез келгені ұйымдастыра береді. Сауд Арабиясы кіші қажылықты ұйымдастыруды жеке фирмаларға беріп қойған. Сол компаниямен біздің турфирмалар келісім-шарт жасасқан. Адам жинап, сол

жаққа жібереді. Сауд Арабиясында компаниялар қонақүй дайындап, адамдарды күтіп алады. Визаны да сол жеке компаниялар береді. Ал үлкен қажылықта визаны Діни басқарма іріктеуден өткен туроператорларға таратып береді. 2019 жылдан бері екі елдің арасында туристік виза пайда болды. Ол бір жылға беріледі. Осылайша, Сауд Арабиясына барған адам үшін айға дейін сол жақта қала алады.

Елімізде 6 мыңнан астам туроператор, олардың арасында тәуелсіздік алғаннан бері осы салада келе жатқан сенімділері бар. Бірақ дінді түсінбесе де, ақша үшін адам жинап қажылыққа апаратын кәсіпкер көп. Жауаптан жалтаратын, кез келген адамды апар салатын осы кіші қажылықты салғырт ұйымдастырушылар екен.

— Құлшылықтың қадір-қасиеті кетті. Оның шарият тұрғысынан қалай атқарылатынын туроператорлардың көбі білмейді. Адамдарды Ұмраға тек турист ретінде апарды. Осы тұрғыдан қажылардың құқығы бұзылып жатыр. Мұны Туризм комитеті Дін істер комитетіне, Дін істері Туризм комитетіне жауып отыр. Ал Діни басқармада мұны реттейтін құзырет жоқ. Осылай жалғаса берсе, бұл мәселе шешілмейді. Сондықтан Мәжіліс қайта жасакталғаннан кейін қажылық реттейтін арнайы заң қабылдануы керек. Ал біз үлкен қажылықты ұйымдастыратын кезде іріктелген туроператорларға қатан талаптар қоямыз. Сол кезде заңбұзушылық болмайды, — дейді Діни басқарма өкілі.

ҚАЖЫЛЫҚ ПАРЫЗЫ МОЙНЫҢАН ТҮСПЕЙДІ

Осы тұста біздің аймақтағы ахуалды да бір барлап көрдік. Облыстық «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің бірінші наиб имамы Жақсыбек Әбенов Сыр елінде де парызын өтегісі келетіндер жеткілікті екенін алға тартты.

— Былтыр Қызылорда облысынан 21 адам үлкен қажылыққа, 104 адам кіші қажылыққа барып келді. Бұл сапарға адал еңбегімен тапқан табысымен баруы шарт. Ал демеушілер өздері ұсыныс айтса болады, әркімнің өзі демеуші іздеуі міндет емес. Демеушілер жібергеннің өзінде де, кейбір кісілер «ата-анамның атынан қажылық жасаныз» дейді. Оны бәдел қажылық деп атайды, яғни, өзге адамның орнына қажылық жасау. Бірақ, бәделді мойнына алған адам бірінші өзі барып келген болуы шарт. Өзінің міндетін атқармаса, басқа адам үшін қажылық жасай алмайды.

Қажылық — ең бірінші ғибадат. Аллаға деген махаббатымыздың көрінісі. Саяхат жасау не жер көру емес, ең бірінші Алланың үйіне зиярат етіп, мойнымыздағы шарият амалын орындау.

Қазір көп адам Ұмраға барып келіп жатыр. Оның бағасы сәл арзанырақ. Дегенмен, мұнымен қажылық парызы мойнынан түспейді. Біз тек үлкен қажылықты бақылай аламыз. Ал қалған қажылардың санын, жай-күйін, дайындығын немесе келгеннен кейінгі халін бақылайтын бізде күзрет жоқ, — деді наиб имам Ж.Әбенов.

Білгеніміз, елімізде заң кез келген адамға турфирма ашуға рұқсат берген, яғни, олар әлемнің қай жеріне саяхатқа алып барамын десе де, өз еркі. Ал қажылық — құлшылық. Сондықтан онда алып баратын турфирмаларды таңдағанда өзіңіз қиналып қалмас үшін алдымен зерттеп, танып алу керек. Бұл тұрғыда мемлекет туроператорлардың жұмысын қадағалауды қолға алмаса, алданғандардың саны да арта береді. Бұл — бір. Екіншіден, қажылықтың қадірін түсірмейтін, адамдар барса, жоғарыда айтқан қазақтың ғазиз қажыларының қатары көбейер еді.

Т.ЖҮРГЕНОВТИҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ



Суретті түсірген Нұрболан Нұржаубай

Ұлтымыздың аяулы перзенті Т.Жүргеновтің 125 жылдығына орай Қазанғап атындағы Қызылорда жоғары музыкалық колледжі ұйымдастырған апталық іс-шара «Ұлт ойшылдары – Тұрмағамбет пен Т.Жүргенов» тақырыбындағы ғылыми-танымдық конференциядан бастау алды. Конференцияны облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Бекжан Есенбаев ашып, колледж директоры филология ғылымдарының кандидаты Ұ.Байбосынова жүргізді.

Жадымызда жаңғырған туындылар

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті профессорлары Ұ.Жанбердиева, Ш.Тухмарова, облыстық тарихи-өлкетану музейі Э.Скурисиялық-көпшілік бөлімінің басшысы Э.Сағитжанова баяндама жасады. Алаш арыстарын ардақтау үшін атқарылып жатқан келелі істер жайлы кеңінен сөз қозғалды. Конференция қонақтары да көптеген пікірлер айтып, маңызды жиын өз мақсатына жетті.

Апталықтың екінші күні Қазанғап атындағы жоғары музыкалық колледжі және облыстық тарихи-өлкетану музейі бірлесіп, ұйымдастырған «Т.Жүргенов – қазақ руханиятының көшбасшысы» деп аталатын тарихи-тағылымдық музыкалық кешке ұласты.

Колледж басшысы, белгілі жырау Ұ.Байбосынованың айтуынша, бұл музыкалық кеште сонау 1936 жылы Т.Жүргеновтің тікелей ұйымдастыруымен Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне арналған концерттік бағдарламаның мазмұны қамтылған. Сол өнер декадасында жасаған Т.Жүргеновтің еңбегін насихаттау арқылы жастардың бойына ұлттық рух, намыс, жігер қалыптастыруға бағытталды.

Өткен ғасырдың 30-жылдары «Темір Нарком» атанған Т.Жүргеновтің Мәскеу декадасына қазақтың өнер майталмандарын апарғаны, осынау өнер сахнасында А.Жұбанов жетекшілік ететін Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі өнер көрсетіп, Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсы алғаш рет қойылғаны бізге тарихтан белгілі. Сол концертте Ш.Жиенқұлованың бии, Н.Бекежановтың айтқан арнауы жиылған жұртты тәнті еткен болатын.

Кеште жырау Ә.Қуанбаев арнау айтса, Нартайдың бүгінгі ізбасарлары ән салып, Ш.Жиенқұлованың шәкірті, ұстаз Т.Бактыбаевтың «Әшекей» биін колледж студенті орындады. Ал қобызшылар ансамблі (жетекшісі С.Пұсырманова) және фольклорлық ансамбль (жетекшісі Н.Ахметов) Ықылас, Құрманғазы күйлерін күйкылжыта төгілті. Сондай-ақ, «Қыз Жібек» операсынан К.Байсейітова сомдаған Жібектің рөлінде колледж оқытушысы, Сыр бұлбұлы С.Байсейітова «Гәккү» әнін шырқап, көрерменге керемет көңіл-күй сыйлады. Бір сөзбен айтқанда, тарихи-тағылымдық музыкалық кеш көңіл түкпірінде қалған классикалық туындыларды жадымызда жаңғыртты.

Айта кетейік, апталық іс-шара аясында музыкалық колледж топтары арасында эссе байқауы, оқытушыларға арналған дәріс, сонымен қатар, «Нарком Жүргенов» спектаклінің артистерімен кездесу ұйымдастырылады.

«СБ ақпарат»

«Сыр бойын» ақпараттық агентігінен де (сайттан) оқыңыз



www.syrboyi.kz ЖАРНАМА БӨЛІМІ 70-00-52

E-mail: smjarnama@mail.ru


МҰРА

Жұмыс барысында Сырдария ауданы Шіркейлі ауылында сақталған XIX-XX ғасырлардағы қазақ даласындағы діни-ағартушылар арасында өзіндік орны бар тарихи тұлғалардың бірі Тапал ахун (Нұрмұхаммед) Қадырұлы (1848-1921 жж.) мұрасының көшірмесі алынды. Тапал ахун 1848 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Бойы аласа болғандықтан ел арасында Тапал атанған. Жастайынан зеректігімен көзге түсіп, Бұқарадағы Мір-Араб медресесінде діни білім алып, елге келгеннен кейін Шіркейлі ауылында мешіт салдырып, бала оқытады. Шарифатқа сүйеніп әділ билік айтып халыққа сыйлы, елге беделді болады. Әділдігінің арқасында атағы жайылады. Тапал ахун сол кездегі қазақ даласындағы саяси оқиғаларға белсене араласып отырады. Оның дәлелі Торғай даласындағы 1916 жылы Ресей империясына қарсы ұлт азаттық көтеріліске жетекшілік еткен Амангелді Имановқа соғыстың әділдігін дәлелдеп, пәтуа бекітеді.

Қазір Тапал ахунның тікелей ұрпағы Насырадин Пахрадиновтың қолында 40-тан астам араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған сирек кездесетін кітаптар сақталған. Ел ішіндегі деректерде құнды жәдігерлердің осы уақытқа дейін сақтауына Тапал ахунның келіні Күләштің еңбегі зор екені айтылады. Музейлік жоба аясында ахунның 4 кітабының электронды көшірмесі алынды. Бұлар – XIX-XX ғасырларда Ресей, Өзбекстан, Үндістан және Мысыр елдерінің баспаханаларында жарық көрген «Фатауа Аламгир», «Салоти Масуди», «Гүлістан», «Джам'аль-уасайль фи шарх аш-Шамайль» атты кітаптары. Кітаптардың жалпы мазмұнын аударуға дінтанушы ғалым, Әл-Азһар университетінің түлегі Төлебай Мәлік зор үлесін қосуда.

«Фатауа Аламгир» – ислам елдерінде қосымша «Әл-Фатауа әл-Индия» деп аталады. Кітаптың негізгі мазмұнына шарифат заңдары, жалпы этика, әскери стратегия, экономикалық саясат кірген. Тарихи деректерге сүйенсек, еңбектің шығуына Ұлы Моғол империясының VI падишахы Мұхаммед Мұхиддин Аурангзеб Аламгир ықпал жасаған. Аурангзеб жарлығымен ислам заң ғылымдарының 500 сарапшысын жинап, құрастырған деген деректер бар. Еңбек бастапқыда әртүрлі тілдерде 30 томды қамтыды, бірақ қазіргі басылымдарда 6 том болып басылып шықты. Көлемі 240 бет, XIX ғасырдың аяғында Мы-

Тапал ахуннан жеткен жәдігерлер



Биыл облыстық тарихи-өлкетану музейі «Сыр бойындағы діни-ағартушылар мұрасын кешенді зерттеу» тақырыбында музейлік жобаны жүзеге асыруда. Жобаның мақсаты – Сыр бойындағы діни қайраткерлердің пайдаланған кітаптары мен қолжазбаларының электронды көшірмесін жинақтау, зерттеу және насихаттау.

сырдағы «Маймана» баспасында жарияланған. Зерттеушілер 1658-1707 жылдар аралығында билік жүргізген Аурангзеб өте бай әрі қуатты елдің падишасы бола тұра, өте қарапайымдылығымен ерекшеленген және әлемдік сәулет өнерінің інжу-маржаны Тәж-Махалды салдырған Шах Жахан мен Мумтаз махалдың үшінші перзенті деген деректер келтіреді. «Фатауа Аламгир» бүкіл Моғол империясында сот құқығының негізгі ретінде қолданылып, кейін Үндістанды отарлаған ағылшындар оны «Мұхаммедтің заңы» деп атаған.

«Салоти Масуди» – Орталық Азияда кең таралған ханафи ағымындағы барлық мұсылмандардың өміріне арналған кітап болып саналады. Кітаптың авторы XIII-XIV ғасырларға өмір сүрген ғұлама Масуд ибн Махмуд ибн Юсуф әс-Самарқанди. 1900 жылы Үндістандағы Бомбей баспасынан шыққан, көлемі 193 бет. Кітап 3 томнан тұрады, мазмұнының басым бөлігі намазға арналғандықтан I, 2-томдарда намаз және оған қатысты мәселелер сипатталса, ал 3-томында зекет, ораза, қажылық, неке, талақ, құрбан ша-

лу, сату, мұрагерлік, өсиет және т.б. қамтылған. «Салоти Масуди» еңбегінің құндылығы шарифат институттары мен өмірлік мәселелерге толығымен арналып, ерекше ғылыми стильде жазылған. Кітапқа 84 беделді діни басылым, белгілі 125 сабақтан жеткен хадистер, 129 имамның өсиет әңгімелері жинақталған. Масуд әс-Самарқанди әртүрлі жалған ағымдардың құқықтық мәселелерін шешу барысында өз пікірін білдірген. Осының нәтижесінде еңбек анағұрлым мазмұнды, үйренуге оңай, ғылыми тұрғыдан дәлірек құралға айналған.

«Гүлістан» – проза жанрында жазылған еңбек. Кітаптың авторы өйгілі парсы әдебиетінің классигі Муслихиддин Әбу Мұхаммед Абдуллах ибн-Муширфаддин, Сағди Ширази (1203-1292 жж.). XIX ғасырдың аяғында Ташкент қаласындағы О.Порцеевтың типо-литографиясынан жарыққа шыққан, 120 беттен тұрады. «Гүлістан» шығармасының жалпы мазмұны ел билеушілер мен халық бұқарасы туралы, тәлім-тәрбие, әдептілік мәселелерін қозғайтын 8 тарауды қамтиды. 1258 жылы осы шығарманы бітіргеннен

кейін ақын Шираздың билеушісі Әбу Бәкр ибн Сағдиге сыйға тартады.

Академик, жазушы Садриддин Айни «Гүлістан» туралы былай деп жазды: «Сағди өз хикаяларында өзі жөнінде, достары жайында, замандастары туралы айтады. Өзі болған орындарды суреттейді, хикаяларында көптеген елдердегі ұзақ-ұзақ саяхаттардан алып қайтқан әсерлерін сәулендіреді».

Сағди өлеңдерін Л.Толстой да жоғары бағалап, «Гүлістан» шығармасынан үзінділер мен афоризмдер аударған.

Қазіргі уақытта зерттеушілер Алтын Орда әдебиетінің жауһары саналатын кезеңіндегі Сайф Сарайидің атакты «Гүлістан биттурки» атты дастаны Сағдидің «Гүлістанының» шығармашылықпен өзгертілген нұсқасы деген дәлелдер келтіреді.

«Джам'аль-уасайль фи шарх аш-Шамайль» – Имам Әбу Иса ат-Тирмизидің «әш-Шамайль әл-Мұхаммадия» атты хадистер жинағына түсініктеме. Авторы Нұриддин Әбу-Хасан Әли ибн Сұлтан Мұхаммед әл-Қари әл-Харауи әл-Мәкки әл-Ханафи (1524-1605 жж.). Ислам әлемінде Шейх Әли әл-Қари деп аталған. Хадистер жинағы 2 том, 63 бөлімнен тұрады (Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың өмір сүрген жасына байланысты). Жалпы мазмұнында Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) өмірі мен сипаты баяндалған. Көлемі 247 бет, XIX ғасырдың аяғында Мысырдың әл-Халаби баспасында жарық көрген. Тарихи деректерге сүйенсек ислам ғұламасы, зангер, мұхаддис Шейх Әли әл-Қари 1524 жылы Герат қаласында дүниеге келген. Жастайынан діни білім алады. Атақты Шейх Муинуддин оған Құран Кәрімді көркем әрі дұрыс оқуды үйреткен. Осы білімі мен біліктілігінің арқасында имам болып, ислам ғылымдарының дамуына орасан зор үлес қосып, үлкен беделге ие болады. Шейх Әли әл-Қари исламның ханафи ағымын ұстанды. 1605 жылы Мекке қаласында дүниеден өткен.

Қазір Тапал ахун пайдаланған кітаптар Шіркейлі ауылдық кітапханасының менгерушісі Ләззат Әбдірайымованың бастамасымен кітапханаға қойылып жұрт назарына ұсынылған.

Аталған жоба аясында Сыр бойындағы діни ағартушылар мұрасының сыры ашылғаны анық.

А.САЙЛАУ, облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми хатшысы

Құралайдың көз жасы



Қарақұм беткейіне іссапарға шыққан едік. Ол кезде шаруашылықта қойма менгерушісімін. Жаныма прораб яғни, тікелей бастығым бар.

«Қожағакыр» аталатын тақырға жеткенімізде қарақұмды киікті бір адамның мотоциклмен қуалап жүргенін көрдік. Білетіндердің айтуынша, желмен жарысқан жануар кездескен көліктің алдына қашан кесіп өткенше жанамалап, шаба береді екен. Мұны естігенде «кап, өтбеген-ай, неге бірден тура қашып, құтылып кетпейді екен?» деп қатты өкінген едім.

Осы жолы да солай өрбіді. Тақтайдай тегіс тақырды өлденше мәрте айналып шапқан үйірден бір киік қалжырап, мұрттай ұшты. Аншының жанына бардық. Ұзын бойлы, алып тұлғалы сары жігіт екен. Бізбен сөлемдескен сон:

– Бұл олжамды сіздердің іштеріңіз-дегі ең кішілеріңіз, мына ініме байладым. Бауыздап, ішін жарып, машиналарыңызға салып беремін, – деп мені нұсқалды.

Тірі киікті жақын жерден алғаш рет көрдім. Көзі мөлдіреп, өте әдемі болады екен. Аншы жігіт киіктің тамағына қанжарын апарғанда жанарынан жасы парлап жатты. Бәлкім, солай көрінген шығар, маған жалынышпен қарағандай болды. Жүрегім тоқтап қала жаздады. Аншыға:

- Шынымен маған бердіңіз бе? – дедім. Ол басын изеді.
- Аға, онда босатып жіберші, – деп жалынғандымды сезбей қалдым.
- Аншы да мәрт екен.
- Бүгінгі бірінші олжам еді. Аман жок, – деп босатып жіберді. Киік тәлтіректей басып, құм арасына қашқан үйірінің ізінен кеткенде қатты қуандым.
- Мүмкін, кездейсоқтық шығар, іссапардан келген күннің ертеңіне келіншегім үлкен ұлымды аман-есен босанды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, Қазалы ауданы

Алыптар аламаны мәресіне жетті

Жарыс жолында әрбір қатысушыға жүлді және серпи көтеру бойынша 3 мүмкіндіктен берілді. Қосайсы нәтижелері қорытындыланып, әр салмақтың жеңімпазы анықталды. Сондай-ақ, ауыр атлетикадан биылғы жылдың басты додасын ерлермен қатар қыздар да айрықша атсалысты.

Жарыс қорытындысы бойынша, ерлер арасында жетісулықтар топ жарды. Екінші орынды Шығыс Қазақстан облысынан келген спортшылар еншілессе, үздік үштікті алматылықтар қорытындылады. Ал әйелдер арасында жетісулықтар тағы да басты орыннан көрінді. Қостанайлық қыздар екінші болса, Ақмола облысының құрамасы үшінші орынды қанағат тұтты. Ал жекейлі есепте сыр-бойлықтар жақсы өнер көрсетіп, екі рет I орын, үш рет II орын және екі рет III орынды қанжыға байлады.

Енді топ жарып, сұрыптан өткен спортшылар мамыр айында Оңтүстік Корея елінде өтетін Азия біріншілігінің іріктеу кезеңіне ел құрамасымен бірге аттанады. Жеңімпаздарға медаль мен грамоталар берілді. Шара сонында ауыр атлетика федерациясының президенті Темірхан Кенжебаев чемпионатта жеңімпаз, жүлдегер атанған Сыр спортшыларына қаржылай сыйлық табыстады.

1-бет



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.